

«Медиа мәдениет және «Сандық
Қазақстан» моделі: болашақ қазіргі
заманның аясында

Орындаған: БАУЫРЖАНОВ ЖАНСЕРІМ



Мәдени сауаттылық қазірде Қазақстандағы ең, сондай-ақ бүкіл әлемдік өзекті мәселе болып есептеледі. Осы тұрғыдағы медиа-мәдениет – ақпараттық технологиялар мен медианы дамытудағы қазақстандық және халықаралық тәжірибенің маңыздылығын көрсететін, сондай-ақ ақпараттық жүйе арқылы қазіргі кездегі көптеген қажеттіліктерімізді жеңілдетуді кұрайтын қоғамдық мәдениет.

Жалпы, елімізде ақпараттық технология арқылы жұмыс жасау дамуы үшін көптеген бағдарламалар жүзеге асырылуда. Сол белгілі бағдарламалардың бірі – “Цифрлық Қазақстан” бағдарламасы. «Цифрлық Қазақстан» экономикаға, бизнес пен азаматтарға негізінен жаңа даму траекториясына шығуға мүмкіндік береді. Болашақта компьютерлік жүйе арқылы жұмыс істеуге тікелей әсер етеді.


Менің ойымша, қазірде елімізде электронды қызмет көрсету түрлері белгілі қарқынмен даму үстінде.

Мәселен, egov сайты арқылы өзімізге қажетті құжаттарды, электронды қызметтің көптеген түрлеріне қол жеткізудеміз. Сондай-ақ қазірде интернет желісі арқылы сауда асырылып жатқандығын байқауға болады.

Бұның барлығы ақпараттық

технологиялардың көмегімен іске асырылады. Бұлардың жүзеге асырылуына “Цифрлық



A top-down view of a desk with a keyboard, glasses, a coffee cup, a notebook, and plants. The text is centered on the desk surface.

Менің ойымша, Қазақстанда болашақта мемлекеттік істер, халыққа қызмет ету орындары цифрлық технологиялық жұмыс жасауға көшеді. Бұл әрине халық үшін тиімді, себебі, уақыт үнемделеді әрі ешқандай қиындықсыз онлайн түрде қалаған қызметімізге қол жеткіземіз. Сондай-ақ роботтандыру мен интернет өндірістік компанияларды модернизациялаудың негізіне айналады. Осылай қызмет көрсету саласындағы IT-компанияларға деген сұранысты арттырамыз.

Сонымен бірге, болашақта менің ойымша алдағы 20-25 жыл аралығында роботтандыру жүзеге асады деп ойлаймын. Себебі, өзімізге белгілі дамыған елдерде робототехника даму үстінде. Сондай-ақ біздің елімізде де осы салаға байланысты жоғары техникалық университеттерде білім алу дамуда. IT саласы, 3D форматта компьютерлік білім алу жолға қойылды. Мұның барлығы болашақта елімізде технологиялық жүйенің жан-жақты дамитындығын көрсетеді.



Роботтандыру мен интернет
өндірістік
компанияларды
модернизациялаудың
негізіне айналады.
Осылай қызмет көрсету
саласындағы ІТ-
компанияларға деген
сұранысты арттырамыз.



Менің ойымша, Қазақстанда болашақта цифрлық жүйенің кең етек алуы жастардың, халықтың сауаттылығына байланысты деп ойлаймын.

Себебі, цифрлы сауаттылық деңгейі жоғарыламаса, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың барлығы тиімсіз. Сол себепті, ең алдымен техникалық пәндерді оқыту – еліміздегі алға қойылған іс-шаралардың бірі.

Бұл жайлы «Рухани жаңғыру» бағдарламасында да сананың ашықтығы бөлімінде осы мәселе жайлы айтылған болатын.

Пайдаланылған

әдебиеттер:

1. Сүгір Салтанат «Цифрлы Қазақстан. Ол қандай болады? Біз дайынбыз ба?» мақаласы
2. 2019 - 2020 Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің Баспасөз Қызметі/2020 ж. 15-
▶ қаңтар
3. Ж. Өрісбай «Цифрлы Қазақстанның болашағы қандай?» мақаласы/2017 ж.